



## ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ – ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ МҮДДЕСІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ДАЙЫНДАЛҒАН ҚҰЖАТ

Салық – белгілі бір мөлшерде заңды және жеке тұлғалардан алынып, мемлекеттің бюджетіне түсетін міндетті төлем. Мемлекеттің дамуы, әлеуметтік саланың жолға қойылуы салық төлемдерінің нақты, әділ, ашық жүргізілуіне тікелей байланысты.

2025 жылғы 18 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Салық кодексіне және оған ілесіп «Салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Бұл заң қоғамның сұранысы мен талабын ескере отырып, нарық пен халықтың қажеттілігіне қарай дайындалған бірегей құжат. Қоғамда қызу талқыланған Салық заңнамасы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілмек.

Әрине, Қазақстанда салық реформасының қажеттілігі көптен бері айтылып, талқыланып келгені рас. Соған орай қолданыстағы Салық кодексі бірнеше рет түзетіліп, өзгертілгені мәлім. Алайда, қаншама өзгеріс енгізілгенімен, құжат кәсіпкерлер мен мемлекет үшін толық тиімді болмады. Ал жаңа кодекс жеке тұлғалардың салық салу жүйесіне, салықтарды төлеу ережелеріне және берешекті өндіріп алу шараларына ауқымды өзгерістер енгізгендіктен, жаңашылдықтарды жан-жақты, толымды таныстырып, түсіндіру аса өзекті. Сонда салық жүйесі бизнеске де, жеке тұлғаларға да анағұрлым түсінікті және ашық болады.

Салықтық реформа барлық негізгі бағыттарды қамтып отыр. Жаңа заңда салық жүйесін барынша жеңілдетуге, бизнесті қолдауға, әлеуметтік осал топтарды қорғауға және экономиканы дамытуға басымдық берілген.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 4-бетте)

### БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРМЕК



Депутат Асхат Аймағамбетов Қазақстандағы еңбек қауіпсіздігін күшейту және қызметкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі заң жобасын ұсынды.

Аймағамбетовтың айтуынша, еңбек заңнамасында әлі де олқылықтар бар. Мәселен, енді азаматтық-құқықтық сипаттағы келісімдерге (ГПХ) қатысты өзгерістер болады.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 4-бетте)

### ТІЛСІЗ ЖАУ

## АЛҒАБАСТАҒЫ АЛАПАТ ӨРТ: ЕЛДІ ЕСЕҢГІРЕТКЕН ҚАСІРЕТ

Алғабас ауылы, Жетісай ауданы, Түркістан облысында 18 қараша күні болған өрт қазақстандықтарды есеңгіретіп тастады.

Төтенше жағдайлар департаменті растаған дерек бойынша, тілсіз жау 13 адамның өмірін жалмады. Оның тоғызы – бала. Екі адам ес-түссіз күйде эвакуацияланып, ауруханаға жеткізілгенімен, олардың жағдайы да өте ауыр екені хабарланған. Бұл отбасы сол түні үйіне қонақтар жинағаны туралы көршілер айтып берген. Дегенмен өрттің нақты неден тұтанғаны әзірге белгісіз.

Жантүршігерлік өрттен кейін министрлер кабинеті тексеру жүргізіп, маңызды шаралар туралы хабар бере бастады.

Үкімет отырысында олар ішінара кеше хабарлағандарын қайталады. Естеріңізге сала кетейік, қайғылы оқиғаның себептерін тергеу үшін арнайы комиссия құрылды. Бұл топты вице-премьер Қанат Бозымбаев басқаруда.

Оның құрамына бірнеше ведомстволардың өкілдері кірді.

Премьер-министр Олжас Бектенов Жетісай ауданындағы қайғылы оқиға шұғыл қорытындылар мен іс-қимылдарды талап ететінін айтты. «Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу» бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу жүріп жатыр. Кеше Бозымбаев тұрғын үйлерді, жатақханаларды жаппай тексеруді тапсырды. Бүгін Бектенов осы жағдайға назар аударуды талап етті. Олжас Бектенов зардап шеккендер мен қаза тапқандардың отбасыларына барлық қажетті көмек, оның ішінде материалдық және медициналық көмек көрсетілетінін атап өтті.

«Жалпы, жылу беру маусымы басталғалы тұрғын үй секторында өрт оқиғаларының

саны өсіп барады. Біз бұл мәселені қазан айында үкімет отырысында қарадық. Алайда, жағдайдың жақсарғанын әзірге көріп отырған жоқпыз», – деді Олжас Бектенов.

Қазір 13 адамды ажал құштырған қорқынышты өрттің неден шыққаны белгісіз. Бұл сұраққа ресми жауап әлі берілмеді.

Өрттің алдын алу неге қиын? Мамандар ұсынған негізгі тетіктер:

Өрт – найзағай сияқты ентелемейді, бірақ бір сәтте тұтанып, бірнеше минуттың ішінде адамның өмірін жалмайды. Ал алдын алу шаралары көбіне уақытында жасалмағандықтан, осындай қатерге ұрындырады.

Қарапайым, бірақ ең маңызды қорғаныс – түтін дабылдағышы. Төтенше жағдай қызметтерінің айтуынша, өрт кезіндегі өлім-жітімнің басты себебі – адамдардың түтінге улануы. Түтін өртенгеннен де жылдамдық тарайды. Дәл осы сәтте дабылдағыштың дауысы адам-

ды оятып, үйден 1-3 минут ішінде шығуға мүмкіндік береді. Дүние жүзінде мыңдаған өмірді құтқарған қарапайым құрылғы біздің елдегі көптеген үйлерде әлі күнге орнатылмаған. Мамандардың айтуынша, ауылдық жерлерде электр сымдарының әбден тозғаны жиі байқалады. Қосымша жылытқыштар, ескі розеткалар, үйді жылыту үшін қолданылатын қауіпті құрылғылар – бәрі өрттің басты факторлары. Газ пештері мен газ баллондары да қатердің көзі. Газдың аздаған иісі сезілсе де, адамдардың көпшілігі мән бере бермейді. Ал газ бен ұшқынның комбинациясы – үйді бірнеше секунд ішінде өртке орайтын күш. Мерекелік кеш, қонақ күту, баланың туған күні кезінде үй ішіндегі қауіп факторлары артады. Ас үйде пештер қосылады, электр жүктемесі көбейеді, балалардың қозғалысы қарқындалады.

(Жалғасы 3-бетте)

3-бет



Айышпұлдар өңір экологиясын сауықтыруға қызмет ете ме?

6-бет



Жалғасбек ЖАҚАЕВ, Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы:

«Қалада бұқаралық спорт дамып келеді»

8-бет



Ар жазасы – ақиқат айнасы

**МИНБЕР**

## КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ӘДІЛ ТӨРЕЛІК КЕПІЛІ

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап өз жұмысын бастаған кассациялық сот төрелігін жетілдірудің маңызды буынына айналды. Кассациялық сот Астана қаласында орналасқан және қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша нақты салаға маманданған. Мұнда бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың шешімдеріне келіп түскен шағымдар қаралады. Негізгі функциясы – істердің мән-жайын емес, құқықтық нормалардың сақталуын тексеру, яғни материалдық және іс жүргізу заңдарының бұзылуын талдау арқылы заңдылықты бақылау. Кассациялық сот жұмысы сот қателіктерін түзетуге және әділеттілікті қалпына келтіруге нақты мүмкіндік береді.

Бұған дейін Жоғарғы Соттағы кассациялық алқа заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қараса, енді оның негізгі міндеті – сот практикасының бірізділігін қамтамасыз ету болып табылады. Кассациялық сот істердің мән-жайын емес, заң нормаларының дұрыс қолданылуын тексереді. Ол материалдық және процессуалдық құқық нормаларының бұзылуын анықтау арқылы төменгі соттар шешімінің заңдылығына баға береді. Осылайша, бұл сот сатысы құқықтық қателіктерді түзетуге және әділеттілікті қалпына келтіруге нақты мүмкіндік береді.

Кассациялық соттың құрылымы әр салада қалыптасқан құқық қолдану тәжірибесін біріздендіруге және сот актілерін қабылдау кезінде заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Мұнда іс қайта тергелмейді, жаңа дәлелдер зерттелмейді – басты назар сот шешімінің заңдылығына аударылады. Егер материалдық немесе іс жүргізу нормалары өрескел бұзылғаны анықталса, кассациялық сот сот актісінің күшін жоюға немесе оны өзгертуге құқылы.

Істерді кассациялық сатыдағы сотқа қарау белгілі бір негіздер бойынша ғана мүмкін болады. Кассациялық соттардың негізгі міндеті – сот актілерін қабылдау кезінде заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірулерінің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Төменгі сатыдағы соттың актісі заңсыз немесе негізсіз деп танылса, кассациялық сатыдағы сот оның күшін жойып, істі жаңадан сот талқылауына жіберілуі немесе түпкілікті шешім қабылдауы мүмкін. Істі кассациялық сотта қарағандан кейін шешімге шағымдануға мүмкіндік жоқ деген сөз. Сондықтан кассациялық соттың шешімі түпкілікті және міндетті болып табылады.

Жаңа модельдің сот жүйесіндегі рөлі мен тиімділігі:

1. Жоғарғы Соттың жүктемесі азайды. Енді ол тек ерекше маңызы бар істерді, яғни құқық қолданудың қағидаттық мәселелерін қарайды.

2. Сот тәжірибесі біріздене түсті. Кассациялық сот түрлі өңірлердегі соттардың шешіміндегі айырмашылықты жойып, заңды біркелкі түсіндіруге жағдай жасайды.

3. Азаматтардың құқығын қорғау күшейді. Құқық бұзушылық орын алғанда, азаматтар үшін тағы бір нақты құқықтық қорған, механизм пайда болды.

4. Сот төрелігінің сапасы артты. Кассациялық саты сот актілерінің заңдылығына қосымша сүзгі жасап, құқықтық мәдениеттің жоғарылауына ықпал етеді.

Кассациялық сот институты – көптеген дамыған елдердің сот жүйесінде бұрыннан бар тәжірибе.

– Францияда 1790 жылдан бері жұмыс істейтін Кассациялық сот тек заң нормаларының дұрыс қолданылуын қадағалайды.

– Германияда Федералдық Жоғарғы Сот (Bundesgerichtshof) дәл осындай қағидатпен әрекет етеді – ол істің мәнін емес, құқық нормаларының бұзылуын бағалайды.



– Ресейде 2019 жылдан бастап жеті өңірлік кассациялық сот құрылған, бұл әділдікке қолжетімділікті арттырды. Осы тәжірибелер көрсеткендей, кассациялық инстанция – құқықтық тұрақтылық пен әділ сот төрелігінің кепілі.

Кассациялық соттың енгізілуі – қарапайым азаматтар үшін де үлкен мүмкіндік. Енді әр адам немесе ұйым сот шешімінің заңдылығына күмән келтірсе, оны жоғары сатыда әділ әрі кәсіби деңгейде қайта қарата алады. Бұл сот жүйесіне деген сенімді күшейтеді, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға кепіл болады, қоғамда заң үстемдігі қағидатын нығайтады.

Кассациялық соттың құрылуы – сот жүйесінің дамуындағы жаңа кезең. Ол соттардың жұмыс тиімділігін арттырып, құқық қолдану тәжірибесін біріздендіріп, азаматтардың әділдікке деген сенімін нығайтып отыр. Бүгінгі таңда бұл жаңа институт сот төрелігінің сапасын арттыруға, құқықтық мәдениетті жаңа деңгейге көтеруге және Қазақстандағы құқықтық мемлекет ретінде дамытудың берік негізін қалыптастыруға қызмет етеді.

**Мұрат АУБАКИРОВ,**  
Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық соттың судьясы

**КӨЗҚАРАС**

## ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ БАР ЖЕРДЕ – СЕНІМ БАР

Қазақстанда 2023 жылдан бастап жұмыс істей бастаған Конституциялық Сот – құқықтық мемлекет құру жолындағы жүйелі әрі маңызды қадамдардың бірі. Бұрынғы Конституциялық Кеңестен айырмашылығы – жаңа орган қоғамға анағұрлым жақын. Ең бастысы – әрбір азамат өз құқығының бұзылғанын сезінсе, Конституциялық Сотқа тікелей жүгіне алады. Бұл жаңалық әділетке қол жеткізуді жеңілдетіп, құқық қорғау тетіктерін күшейтеді.

Конституциялық Соттың ең негізгі міндеті – Конституцияны қорғау. Мемлекеттік органдар қабылдаған заңдар мен шешімдер Негізгі заңға қайшы келсе, Конституциялық Сот оны тоқтатып, қоғамдағы әділеттілікті сақтауға үлес қосады. Бұл – билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтау, заңсыз шешімдерге тосқауыл қою, азаматтардың құқықтарына нұқсан келмеуін қамтамасыз ету деген сөз. Яғни, Конституциялық Сот – мемлекеттің ең жоғары құқықтық иммунитеті.

Әлемдік тәжірибеде де конституциялық бақылау институттарының рөлі айрықша. Германия, Чехия, Италия сияқты елдерде Конституциялық соттар ұзақ жылдар бойы демократияның берік тірегіне айналған. Бұл елдердегі тәжірибе көрсеткендей, Конституциялық Соттың тәуелсіздігі – мемлекеттің тұрақтылығы мен азаматтардың сенімінің негізі. Қазақстан да осы жолды таңдауы арқылы құқықтық жүйесін жаңа деңгейге көтеріп отыр.

Конституциялық Соттың жұмысы тек заңмен шектелмейді. Ол қоғамдағы құқықтық мәдениетті қалыптастыруға әсер етеді, халықтың өз құқығын қорғауға деген көзқарасын өзгертіп, сенімін арттырады. Соттың әділ әрі ашық шешімдері мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейтеді, ал қоғамда заң үстемдігі туралы түсінікті тереңдетеді.

Бүгінде Конституциялық Соттың қабылдайтын әрбір шешімі – елдің құқықтық саясаты үшін маңызды оқиға. Ол тек құқық нормаларын саралап қана қоймай, Конституцияның рухын, демократияның негізін сақтауға үлес қосады. Сондықтан Конституциялық сотты «әділет үстемдігінің айнасы» деп атау – оның мемлекет алдындағы миссиясын дәл сипаттайтын анық баға.

Конституциялық Сот – қоғам мен билік арасындағы тепе-теңдіктің сақшысы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғаны, Конституцияның мызғымас рөлінің кепілі. Бұл органның тиімді қызметі әділетті Қазақстанның берік іргетасын қалайды. Заң үстемдігі бар жерде – сенім бар, ал сенім берік елдің болашағы да жарқын болмақ.

**Едіге БЕГЕНОВ,**  
Түпқараған аудандық сотының төрағасы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

**ОҢ ҚАДАМ**

## ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСТЕР ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТТІ

Цифрландыру – Қазақстанды озық елдер қатарына қосуға ықпал ететін жаңа механизмнің бірі. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың биылғы жолдауында



цифрландыру үдерісіне айрықша мән беріп, «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» деп атауы да сондықтан. Осы стратегиялық құжатты басшылыққа ала отырып қоғамның барлық саласын цифрландыру бүгінгі күнгі маңызды міндет. Мұндай жаңғыртулардан отандық сот та шет қалмайды.

Жалпы республика соттарындағы цифрлық сервистер өзінің тиімділігін әлдеқашан дәлелдеген. Соның нәтижесінде соттардың онлайн қызметтерді дамыту бойынша жеткен нәтижелері жаһандық даму индексіне әділ бағаланып, БҰҰ мониторингіне кіретін 193 елдің ішінде 8-орынды иеленген болатын. Мұндай көрсеткішке оңай қол жетпегені түсінікті. Әлемдік мониторингте қазақстандық соттағы электрондық қызметтің жоғары эфекторын ұжымдағы білікті кадрлардың тынымсыз еңбегі мен ұйымшылдығының, табандылығы мен терең ізденісінің көрінісі деп сеніммен айтуға болады.

Сот саласына жасанды интеллект жетістіктерін меңгеріп, сот қызметіне цифрландыру тетіктерін енгізу айтарлықтай қиын емес. Себебі бұл сала жаңа технологияның мүмкіндіктерін барынша терең зерделеп, орынды қолдануда бірыңғай тәжірибе қалыптастырып үлгерді. «Төрелік», «Сот кабинеті» сервистері – сот жұмысын цифрландырудың алғашқы қарлығаштары. Бүгінгі таңда сот жүйесіндегі барлық өтініштердің 95%-ы сот кабинеті арқылы беріледі. Бұл өз кезегінде тараптарға әлемнің көз келген нүктесінен сотқа қашықтан жүгінуге мүмкіндік береді.

Десек те, бұл жетістіктермен шектеліп қалуға болмайды. Цифрлы мемлекет болуға ұмтылған

мемлекеттің соты да сол үдеден табыла білуі керек.

Соның ішінде жасанды интеллект элементтерін қолдана отырып дайындалған «Сот практикасының цифрлық талдауының» берері көп. Бұл бағдарлама сот шешімдерінің мәнін түсінуге, оларды бір-бірімен салыстыруға, даудың белгілі бір түрі бойынша кемшіліктерді анықтауға бағытталған. Жаңашылдықтың жағымды тұсы – сервис азаматтарға даудан қандай қорытынды құтуға болатыны туралы болжамды білуге мүмкіндік береді. Жүйе қалыптастырған сот актілері банкі судьяларға республикада бұрын шығарылған сот актілерін табуға, оның іс жүргізуіндегі даудың санаты бойынша сот практикасын білуге көмектеседі және бірыңғай сот практикасына сәйкес дұрыс шешім қабылдауға септігін тигізеді. Соның арқасында азаматтардың да сот жұмысын терең түсінуге жол ашылып, судьялардың да тәжірибесін шыңдауға қателіктердің алдын алуға жол ашылды.

Сот тәжірибесінің цифрлық аналитикасы, бейнеконференц байланыс, сот отырыстарының аудио, бейнежазбасы және тағы басқа сандық сервистерді дамыту – цифрландыру бағытында қолға алынған міндетті шаралардың бірі. Сот саласының жұмысын жедел, ашық, қолжетімді етіп, халықпен арадағы сенімді нығайтудың негізгі тетігі де цифрландыру, жасанды интеллект жетістіктерін енгізумен байланысты екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

**Бауыржан БОРАНБАЕВ,**  
Қазақстан Республикасы  
Сот әкімшілігінің  
Маңғыстау облысы  
бойынша департаменті  
басшысының орынбасары

**БЕЗБЕН**

## ТӘРТІПТІ САҚТАУ – ОРТАҚ ІС

**Заманмыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек» деген екен. Мемлекеттің дамуы, елдің ілгерілеуінің де өзегінде осы үш шарт тұр.**

Өкінішке қарай, ниет пен талап болғанымен, ортақ тәртіпке бағынбаудың салдарынан орын алып жатқан кемшіліктер аз емес. Соның бірі құзырлы органдардың талабына бағынбаумен, лауазымды тұлғалардың қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтірумен, қаулыларды, нұсқамаларды орындамаумен тікелей байланысты.

Еліміздегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 462-бабында ол үшін арнайы жауаптылық та қарастырылған. Осы баптың 1-бөліміне сай, мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өз құзыреттеріне сәйкес қызметтік міндетін орындауына қажетті құжаттарды жіберуден бас тартып, нақты ақпарат бермеген жеке тұлғаларға – үш, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Ал әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде осы әрекетті қайталап жасағандарға салынатын айыппұл жоғары.

Бұған қоса, осы кодекстің 162 және 227-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының заңды талаптары немесе нұсқамаларын, ұсынуларын мен қаулыларын орындамау немесе тиісінше орындамау – рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұрып қызметті, жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұрып жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға – он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келетіні дәйектелген.

Мемлекеттік құрылымдардың заңды талабына бағынбағандарға салынатын айыппұл қомақты. Мұндай шара азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғау, қауіпсіздігін сақтау мақсатын көздейтіні белгілі. Мысалы Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында жеке кәсіпкер «Қ»-ға қатысты іс қаралды. Сот отырысы барысында анықталғандай, жеке кәсіпкердің меншігіндегі автотұрақта өрт қауіпсіздігі талаптары сақталмаған. Ал бұл автотұраққа қойылған көліктердің ғана емес, онда жұмыс істейтін қызметкерлер мен тұтынушылардың өміріне қауіп төндірді. Сондай-ақ өрт қауіпсіздігінің сақталмауы автотұраққа жақын орналасқан тұрғын үйлер мен мекемелерге де залалын тигізетіні даусыз. Осыны ескерген «Алматы қаласы Әуезов ауданының төтенше жағдайлар басқармасы» 2025 жылғы 25 тамызда Қазақстан Республикасы өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама дайындап, жеке кәсіпкерге биылғы жылдың 23 қазанына дейін автотұрақты алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау; автотұрақта үй-жайдың функционалдық мақсатын өзгерту туралы ескерту жасаған. Алайда тексеру барысында жеке кәсіпкердің Төтенше жағдай департаменті қызметкерлерінің нұсқамасын орындамағаны анықталған.

Аталған істі қарау кезінде жеке кәсіпкер нұсқамаға қатысты дау айтпады, шағым жасамады. Демек, нұсқамада заң талаптары сақтала отырып шығарылғандықтан, оны орындау міндет. Осы жағдайларды таразылай келе сот жеке кәсіпкерді Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 462-бабы 3-бөлігімен жауапкершілікке тартып, автотұрақ қызметін 1 (бір) ай мерзімге тоқтата тұрып, 275 240 (екі жүз жетпіс бес мың екі жүз қырық) теңге айыппұл салуға қаулы шығарды. Мемлекеттік құрылымдардың заңды талабына бағынбай, жұмысына кедергі келтірген әрбір азамат, кәсіпкерлер өз әрекетімен қоғамға, ортаға залалын тигізетінін ұмытпауы керек.

**Шолпан ЕСБЕРГЕНОВА,**  
Алматы қаласы әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

## ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРМЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Көп жағдайларда жұмыс берушілер шығынды азайту және әлеуметтік кепілдіктерден жалтару мақсатында еңбек шартының орнына жаппай азаматтық-құқықтық сипаттағы (ГПХ) келісімдер жасайды. Адам жұмыс кестесіне бағынады, басшысы бар, бірақ қағаз жүзінде ол – жұмысшы емес. Енді біз нақты шекара енгіземіз: егер еңбек қатынастарының ең болмағанда бір белгісі болса, азаматтық-құқықтық сипаттағы келісімдерге тыйым салынады», – деді ол.

«Бұл нәліктен қауіпті? ГПХ арқылы жұмыс істейтін адам әлеуметтік кепілдіктерден айырылған: ақылы еңбек демалысын ала алмайды, әйелдерге декреттік демалыс берілмейді, зейнетақы жарналары аударылмайды, медициналық сақтандыру қарастырылмайды. Біз осы олқылыққа нақты шектеу енгізіп отырмыз. Егер тараптар арасындағы қатынаста еңбек шартына тән бір ғана белгі болса, ГПХ рәсімдеуге тыйым салынады. Соның нәтижесінде ондаған мың азамат толыққанды әлеу-

меттік кепілдіктерге ие болады», – деді Аймағамбетов Мәжілістің пленарлық отырысында. Сонымен қатар, ол жұмысты бірдей атқаратын қызметкерлер арасындағы жалақы айырмашылығы туралы айтты. Оның сөзінше, кейбір компаниялар шетелдік мамандарға Қазақстан азаматтарына қарағанда бірнеше есе жоғары жалақы төлейді, бұл айқын әділетсіздік туғызады.

Оның әріптесі, депутат Арман Қалықов заң жобасын қолдап, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне нақты сұрақ қойды. «Бұл норма көлеңкелі жұмыспен қамтуды азайтуға, сондай-ақ қызметкерлердің және еңбек құқықтарының сақталуына мүмкіндік береді. Сонымен бірге түсіндіріп берсеңіз: қай жағдайларда ГПХ еңбек шарты ретінде танылады? Еңбек шарты қандай айырмашылық белгілеріне ие болуы тиіс?» – деп сұрады ол.

Бірінші вице-министр Асқарбек Ертаев Еңбек кодексінің 27-бабына сүйене отырып, еңбек шартының басқа келісімдерден айырмашылығын түсіндірді. Оның

айтуынша, бапта үш негізгі белгі бар:

- қызметкердің белгілі бір мамандық, біліктілік бойынша жұмыс атқаруы;
- міндеттерді жеке өзі орындап, басшылыққа бағынуы;
- еңбекақы алуы.

«Яғни еңбек шартының өзгелерден айырмашылығы бар. Енді бұл тәртіп қалай іске асады? Бірінші – жұмыс беруші барлық ГПХ-ны осы бапқа сәйкестігін тексеруі керек. Егер сәйкестік байқалса, тек еңбек шарты жасалуы тиіс. Екінші – мемлекеттік бақылауды еңбек инспекциясы жүзеге асырады», – деді Ертаев.

Ол Қазақстанда еңбек шарттарын тіркеудің бірыңғай жүйесі бар екенін, жұмыс берушілер сол жүйеге ГПХ-ны да жүктей алатынын айтты.

Егер еңбек инспекторы келісімде еңбек шартына тән белгілерді байқаса, жұмыс берушіге оны еңбек шартына қайта рәсімдеу туралы нұсқама беріледі», – деп атап өтті вице-министр.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»



## АЛФАБАСТАҒЫ АЛАПАТ ӨРТ: ЕЛДІ ЕСЕҢГІРЕТКЕН ҚАСІРЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұндайда қауіпсіздікті қадағалау екі есе күшеюі тиіс. Өрт шыққан үйден шығуға көбіне бір-ақ мүмкіндік беріледі. Сол мүмкіндікке бөгет болатын – дәлізде тұрған қап, қорап, арба, жиһаз, жапқыш. Түтіннің қоюлығы адамды 1–2 минутта әлсіретеді. Бос жол – қарапайым, бірақ ең шешуші фактор.

Отандық статистикаға сәйкес, үйдегі шағын өрттердің 70%-ын адамдар өрт сөндіргіш болса, алғашқы минутта-ақ тоқтата алар еді. Бірақ бұл құрал көп үйлерде жоқ. Бағасы арзан, ал құны – адам өміріне тең.

Қоғамдық деңгейде не өзгеруі керек?

Ауылдық аймақтарда өрт сөндіру техникасының жету уақыты – басты проблема. Инфрақұрылымы әлсіз, жолдары алыс ауылдарға жеткенше бірнеше минут емес, ондаған минут өтеді. Ал өрттің ең қауіпті кезеңі – алғашқы 5 минут. Осы аралықта мамандардың жетпеуі адам шығынын еселеп арттырады. Мемлекет тарапынан дабыл жүйесін көпбалалы ауыл үйлеріне тегін орнату, ескі үйлерді қауіпсіздік стандарттарына сәйкестендіру, мектептер мен мешіттерде өрт қауіпсіздігі сабақтарын жиі өткізу – нақты нәтиже беретін бастамалар.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

## АЙЫППҮЛДАР ӨҢІР ЭКОЛОГИЯСЫН САУЫҚТЫРУҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕ МЕ?

Маңғыстау облысы Қазақстандағы ерекше табиғи аймақтардың бірі. Каспий теңізінің маңы, шөлейт экожүйе, сирек флора мен фауна – барлығы да экологиялық тұрғыдан нәзік тепе-теңдікті қажет етеді. Дегенмен өңірдегі өндірістік әлеуеттің жоғары болуы, мұнай-газ кешендерінің шоғырлануы, халық санының өсуі және тұрмыстық қалдықтардың артуы экологиялық жүктемені жылдан-жылға күшейтіп келеді.

Мысалы, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы 2024 жылғы деректер бойынша, облыста тіркелген атмосфералық шығарындар көлемі 105, 5 мың тоннаға жеткенін айтады, бұл – еліміздің өңірлері бойынша қақ ортасындағы жоғары көрсеткіштердің бірі.

Соңғы жылдары Маңғыстауда қоршаған ортаға залал келтірген кәсіпорындар мен жеке тұлғаларға салынған айыппұл көлемі айтарлықтай артты. Экологиялық кодекске сәйкес, табиғатқа келтірілген зиян үшін өндірілетін айыппұлдар мен өтемақылар мемлекет кірісіне түседі. Экологиялық реттеу және бақылау комитеті дерегіне сәйкес, 2023 жылы жалпы ел бойынша «экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін» салынған айыппұл көлемі 13 млрд теңге. Ал, Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті 2023 ж. 700-ден астам экологиялық құқықбұзушылық тіркелгенін жазады. Бірақ аймақ бойынша нақты сома дереккөздерде жарияланбағанын байқадық.

Ресми мәліметтерге назар аударсақ, өңірде жыл сайын жүздеген экологиялық құқықбұзушылық тіркеледі: жабайы жануарларды заңсыз ату, өндірістік қалдықтарды рұқсатсыз төгу, теңіз акваториясын ластау, атмосфераға нормативтен тыс шығарындар жасау және тағы басқалар. Мысалы, Маңғыстаудағы ең ірі экологиялық қауіп ошағы – Қошқар-Ата қалдығы көрсеткіштері жыл сайын күрделеніп келеді. 2023–2024 жылдары жүргізілген мониторинг нәтижесінде радиациялық фонның артуы, ауыр металдардың жиналуы, қалдықтардың ауаға ұшу қаупі анықталған. Айналымы ластаудың салдары белгілі болғанымен, оны рекультивациялау жұмыстары жылдар бойы созылып келеді. Осындай нысандарға айыппұл қаражаты нақты бағытталса, өңірдің экологиялық ахуалы айтарлықтай жақсаруы мүмкін еді.

Сонымен, қатар 2024 жылы Маңғыстау облысының Экология департаменті атмосфераға



ластаушы заттарды рұқсатсыз шығарған кәсіпорындарға тексеру жүргізді. Нәтижесінде көптеген заңбұзушылық анықталып, өндірістік объектілерге айыппұл салынған. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 300-ден астам құқықбұзушылық тіркелген.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі 2023 ж. баспасөз баянында: Каспийдің маңында мұнай дақтары табылып, ластаушы компанияға 300 млн теңгеге жуық айыппұл өндірілгенін айтады.

Алайда қоғамда жиі қойылатын сұрақ – айыппұлдан түсетін осы қаражат өңірдің экологиялық мәселелерін шешуге нақты бағыттала ма?

Қолданыстағы бюджет заңнамасы бойынша, табиғатты қорғау айыппұлдары республикалық және жергілікті бюджет арасында бөлінеді. Бірақ мәселе – олардың жұмсалудың тетіктеріндегі ашықтықтың жеткіліксіздігі. Жиналған қаражаттың қандай жобаларға жұмсалғаны, нақты қандай экожүйелерді қалпына келтіруге үлес қосқаны туралы мәліметтер көпшілікке қолжетімді емес немесе фрагментті түрде ғана жарияланады. Ресми есептерге сәйкес, экологиялық айыппұлдар жалпы мемлекеттік бюджетке түседі және олардың нақты қанша бөлігі өңірлік экологиялық жобаларға бағытталатыны туралы толық ашық статистика жарияланбайды. Бұл қоғамда айыппұл қаражатының мақсатты пайдаланылуына қатысты ашықтық мәселесін

*Финляндияда айыппұл қаражатының 70%-ы жергілікті табиғатты қалпына келтіруге жұмсалды.*

*Қазақстанда да осындай аймақтық экологиялық қор құру қажеттігі жиі айтылып жүр. Маңғыстау секілді экологиялық тұрғыдан сезімтал аймақтар үшін бұл – өте өзекті қадам. Себебі өңірдегі өндірістік жүктеменің ерекшелігі қаражат айналымының ашық және мақсатты болуын талап етеді.*

*Сонымен бірге цифрлық бақылау жүйесін енгізу – айыппұлдардың қалай жиналатынын және қалай жұмсалатынын қадағалауды жеңілдетер еді.*

туындатады. Үкіметтің және министрліктің бірнеше есептері «айыппұл қаражатының басымы бөлігі жалпы бюджетке кетеді» деп ашық жазады, бірақ нақты қанша пайызы мақсатты жұмсалатынын көрсетілмейді. ҚР Есеп комитетінің 2022–2023 жылдар бойынша баяндамаларында табиғатты қорғау іс-шаралары жеткіліксіз қаржыландырылатыны туралы айтылған. Экология министрлігінің 2023 жылғы қорытындысы туралы ашық есепте «айыппұл қаражатының» экожобаларды толық қамти алмайтыны жазылады.

Маңғыстау тұрғындарын толғандыратын негізгі мәселе – айыппұлдар төленгенімен, өңір экологиясындағы жағымсыз тенденциялардың сақталуы. Теңіздегі биоресурстардың кемуі, өндірістік қалдықтардың жиналуы, көгалдандыру жұмыстарының баяулығы, ауа сапасының нашарлауы – бұл аймақтың ұзақ жылдар бойы шешімін таппай келе жатқан

проблемалары. Мәселен, Каспий теңізіндегі биоресурстар қоры соңғы 10 жылда 35%-ға азайғаны туралы ғылыми есептер бар.

Қазақстан Экологиялық кодексінде айыппұл қаражаты «табиғи ортаны қалпына келтіруге және экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталуы тиіс» деп көрсетілсе де, бұл норма іс жүзінде толық жүзеге аспай отыр. Жиналған қаражат жалпы бюджетке түсіп «жоғалады», ал өңірлік жобалар көбіне басқа қаржыландыру көздерін пайдаланады.

Маңғыстау облысының ресми бюджет құжаттарында қалдықтарды басқаруға бөлінген нақты сома жеке бап ретінде көрсетілмейді. Қалдықтарға қатысты шығындар тек «табиғатты қорғау іс-шаралары», «қоршаған ортаны басқару» деген ірі бағдарламалар бойынша жалпы сома беріледі. Айтпағымыз, нақты сомасы ашық көрсетілмейді.

Халықаралық тәжірибе мүлдем басқа бағытты көрсетеді. Мысалы, Норвегия, Финляндия және Канадада экологиялық айыппұлдар арнайы экология қорларына тікелей түседі және сол қорлардан нақты экожобалар қаржыландырылады: жасыл аймақтарды көбейту, ластанған территорияларды қалпына келтіру, жаңартылатын энергия жобалары, биоәртүрлілікті сақтау бағдарламалары. Финляндияда айыппұл қаражатының 70%-ы жергілікті табиғатты қалпына келтіруге жұмсалынады.

Қазақстанда да осындай аймақтық экологиялық қор құру қажеттігі жиі айтылып жүр. Маңғыстау секілді экологиялық тұрғыдан сезімтал аймақтар үшін бұл – өте өзекті қадам. Себебі өңірдегі өндірістік жүктеменің ерекшелігі қаражат айналымының ашық және мақсатты болуын талап етеді.

Сонымен бірге цифрлық бақылау жүйесін енгізу – айыппұлдардың қалай жиналатынын және қалай жұмсалатынын қадағалауды жеңілдетер еді. Экологиялық деректердің бірыңғай цифрлық платформасы, әр төленген айыппұлға арналған трекінг жүйесі, қоғам үшін ашық есептілік – қазіргі заман талабы.

Қорытындылай келе, Маңғыстаудағы экологиялық құқықбұзушылықтардан түсетін айыппұлдар қазір жүйелі түрде өңір экологиясының жақсаруына тікелей қызмет етіп отыр деп айту қиын. Бірақ бұл қаражатты жергілікті экожобаларға бағыттау, ашық есептілік енгізу және халықаралық тәжірибені пайдалану өңір табиғатын сақтап қалудың тиімді жолы болмақ.

Маңғыстау – біздің ортақ байлығымыз. Бұл өңірдің экологиясын сақтау – тек мемлекеттік органдардың емес, қоғамның, кәсіпорындардың және әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі.

**Гүлбақыт ОСПАН,  
Ш. Есенов Атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті, құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, доцент, PhD доктор**



# ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ – ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ МҮДДЕСІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ДАЙЫНДАЛҒАН ҚҰЖАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен бірге салықты азаматтар мен бизнес үшін оңтайландырып, әділетті салық төлеуге ынталандыру мақсат етіліп отыр. Сондай-ақ салық әкімшілендірудің жаңа тәсілдері енгізіліп, берешекті өндіріп алу және төлем мерзімін кейінге шегеру тәртібі қайта қаралғанын айта кеткен жөн.

Құжаттың негізгі жаңашылдықтары салық есептілігі көлемінің 30 пайызға қысқартылып, төленетін салық санының 20 пайызға азайғанынан көрінеді. Соның ішінде, бірыңғай жер салығы қысқартылып, жеке төлемақылар бойынша мөлшерлемелер мен алымдардың саны мейлінше кеміді. Кодексте сараланған салықтық мөлшерлеме түсінігі қарастырылған. Мұндағы ең жоғарғы мөлшер 25 пайыз болса, ол ойын бизнесі мен банктерге бағытталған. Ал әлеуметтік салалар, білім беру, медицина, баспа, мәдениет, спорт салалары үшін келесі жылы салық 5 пайыз мөлшерінде белгіленсе, 2027 жылы бұл жеке 10 пайызға ұлғаймақ. Әсіресе, орфандық және әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу мөлшерлемесі 0 пайыз мөлшерінде белгіленгені Салық заңнамасының халық мүддесін ескере отырып дайындалғанының бір айғағы болса керек. Бұдан бөлек қосымша құн салығынан МӘМС аясындағы қызметтер, сирек және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу қызметі, баспа түрінде кітап шығару ісі мен археологиялық жұмыстардың да босатылғаны белгілі. Жеке тұлғаларды қызықтыратын бірнеше өзгерісті атап өтуге болады. Оның бастысы енді азаматтар Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төлемдерін алғанда ешқандай жеке табыс салығын

төлемейді. Қанша соманы жинақтаса, сол қаржыны толықтай өз игілігіне жұмсайды. Сонымен бірге саптып алынғанына 10 жылдан асқан автокөліктер үшін азаматтар төлеуі тиіс салық мөлшері төмендетілді. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін әлеуметтік шегерімнің 882 АЕК-тен 5 000 АЕК-ке дейін ұлғайтылуы да оң өзгерістер қатарында.

Ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп, кәсібін дөңгелетіп отырған азаматтардың да мүддесі Салық кодексінде ескерусіз қалмаған. Сәйкесінше ауыл шаруашылығы өндірушілерінің табысы лимиттен асқан жағдайда 4,5 % жеңілдетілген мөлшерлеме қолданылады.

Дегенмен, жылдық табысы 8 500



*...енді қылбат көлік мініп, бағалы заттарды тұтынуды қалайтын азаматтарға жоғары салық төлеуге тура келеді. Себебі келесі жылдан бастап құны жоғары тауарлардың жекелеген санаттарына акциз салығы енгізіледі. Соның ішінде құны 75 млн теңгеден асатын автокөліктер, 100 млн теңгеден асатын ахталар мен катерлер, 500 мың теңге тұратын алкоголь өнімдері мен 10 мың теңгеден жоғары сигаралар тұтынғандар, жалпы құны 450 млн теңгеден асатын жылжымайтын мүлік иеленгендер жоғары мөлшерлемеден салық төлемек. Мұндай санаттар үшін акциз мөлшерлемесі 10 %-ды құрайды.*

АЕК-тен асатын жеке тұлғаларға 15 % салықтың белгіленуі, дивидендтері мен табысы 230 000 АЕК-тен асатын кәсіпкерлерге 15 % салықтың қарастырылуы әділетті шешім екені даусыз. Жеке табыс салығында прогрессивті салық шкаласының енгізілуін көпшілік те қолдап отыр. Бұл өзгеріс салық әділдігін арттыруға және төмен табысты

азаматтарға түсетін салықтық жүктемені азайтуға бағытталған. Сондай-ақ енді қымбат көлік мініп, бағалы заттарды тұтынуды қалайтын азаматтарға жоғары салық төлеуге тура келеді. Себебі келесі жылдан бастап құны жоғары тауарлардың жекелеген санаттарына акциз салығы енгізіледі. Соның ішінде құны 75 млн теңгеден асатын ав-

токөліктер, 100 млн теңгеден асатын ахталар мен катерлер, 500 мың теңге тұратын алкоголь өнімдері мен 10 мың теңгеден жоғары сигаралар тұтынғандар, жалпы құны 450 млн теңгеден асатын жылжымайтын мүлік иеленгендер жоғары мөлшерлемеден салық төлемек. Мұндай санаттар үшін акциз мөлшерлемесі 10 %-ды құрайды.

Корпоративтік табыс салығы бойынша да өзгерістер жаңғыртылған. Жалпы бұл салықтың негізгі мөлшерлемесі 20 % деңгейінде сақталып отыр. Десек те банктер мен құмар ойын бизнесі үшін салық 25 % болып бекітілген.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған-


шағын берешектер бойынша бизнес-шоттардың бұғатталмайтыны, барлық шаралардың қарыз сомасына байланысты кезең-кезеңімен қолданылатыны да қоғамның талабынан туған орынды өзгерістер.

Бұдан бөлек, салықтық шегерімдер қайта қаралып, айына 140 мың теңгеге дейін жалақы алатын қызметкерлер жеке табыс салығынан толық босатылуда. Әлеуметтік осал топтарға, атап айтқанда I және II топтағы мүгедектерге арналған шегерім ай сайын 5000 АЕК-ке дейін арттырылған. Салықтық шегерімдерді рәсімдеу жүйесі де жеңілдетіліп: енді оқу, емделу немесе ипотека бойынша құжаттар ұсынудың орнына бекітілген стандартты шегерім қолданылмақ.

Жаңа кодексте салықтық берешекті өндіріп алу мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Сәйкесінше енді берешектің шекті мөлшері 20 АЕК деп нақтыланып, берешек осы шектен аспаса, тек есімпұл есептеліп, хабарлама жіберілмек. Ал шекті мөлшерден асып кетсе, шоттар бұғатталады, инкассалық тапсырмалар беріледі. Егер берешек 45 АЕК-тен асса азаматтың мүлкі тәркіленеді. Сондай-ақ 27 000 АЕК-тен астам берешек үш айдан аса уақыт өтелмесе, сот борышкердің шет елге шығуына тыйым салуға құқылы. Алайда мұндай пәрменді шара қолданылмас бұрын салық органдары борыштың пайда болғаны туралы ескерту мен хабарламалар жіберуге міндетті. Бұдан бөлек, салық төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу мүмкіндігі кеңейтіледі.

Міне, осындай іргелі өзгерістерді қарастырған Салық кодексінің қолданысқа енгізілетін кезі жақын. Заңнаманың терең талдау, үлкен ізденістің нәтижесінде дайындалғанына халық куә. Дегенмен, бұл құжаттың сапалы орындалуы азаматтардың жауаптылығына, құқықтық сауатының жоғарылығына байланысты. Сондықтан, заңдарды түсіндіріп, артықшылықтарын көрсетіп қоймай, салық мәдениетін дамытуға ерекше көңіл бөлген абзал.

**Марлен ТАРЫБАЕВ,**  
Алматы қаласы  
Алатау ауданы бойынша  
Мемлекеттік кірістер  
басқармасының басшысы



## АЛҚАБИ БОЛУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Алқабилердің қатысуымен іс жүргізу қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі. Алқабилер институты Қазақстанда жаңадан дамып келе жатқан институттардың бірі. Бірақ соған қарамастан қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарда алқабилердің қатысуымен қаралатын істер көбейген. Бұл сотталушылардың қарапайым халық арасынан құрылған сот төрешілеріне сенім артуының жарқын көрінісі екенін байқауға болады.

Алқабимен іс қарау ерекшеліктері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында көп айтылады. Ал алқабидеген кім? Ол қалай құрылады? Қалай адамның кінәлі немесе кінәсіз екенін шеше алады? Сол сұраққа тоқталсақ.

Алқабиді – соттың, қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы, яғни анықтамадан көріп отырғанымыздай, алқабиді бұл қарапайым халықтың ішінен іріктеліп алынған тұлға. Қазақстан Республикасының алқабилер туралы заңнамасы ел Конституциясына негізделеді және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңынан, Қылмыстық-процестік кодексінен, «Алқабилер туралы» 2006 жылғы 16 қаңтардағы заңынан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Алқабилерді іріктеу процесіне Қазақстан Республикасы азаматтарының қатысуын қамтамасыз ету мақсатында алқабилерге кандидаттардың бірыңғай тізімі соттың сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық-талдау жүйесі және «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері арқылы электрондық нысанда қалыптастырылады. Алқабиді кандидаттардың бірыңғай тізіміне тиісті әкімшілік-аумақтық

бірлікте тұрғылықты жері бойынша тіркелген және «Алқабилер туралы» заңның 10-бабының талаптарына сай келетін Қазақстан Республикасының азаматтары тиісті облыстық және оған теңестірілген соттың төрағасы айқындайтын шамада енгізіледі.

Сәйкесінше Алқабидіге кандидаттардың тізіміне келесі адамдар енгізілмейді:

- 1) алқабилердің тізімдерін жасау кезінде жиырма бес жасқа толмаған;
- 2) өтелмеген не алынбаған соттылығы бар;
- 3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;
- 4) судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері;
- 5) психикалық, мінез-құлқықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар.

Алқабидіге кандидаттардың тізіміне енгізіліп, бірақ дәлелді себептермен қатыса алмайтын жағдайларда алқабидіге кандидаттардың тізімінен өздерінің өтініштері бойынша алып тасталынатын кездер болады, ол келесідей:

- 1) қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар;
- 2) өздерінің дене кемістігі немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабидің міндеттерін атқаруға қабілетсіз адамдар;

- 3) алпыс бес жастан асқан адамдар;
- 4) діни қызметшілер.

Заң талаптарына жауап беретін тұлғалар алқабилер қатарына өтеді және ант қабылдайды, сол сәттен бастап алқабилер алқасы құрамына кіреді. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта алқабилер қатысатын сот бір судьяның және он алқабидің құрамында әрекет етеді, бұл деңгейіміз негізгі құрам он алқабиден тұратынын, ал он бірінші және он екінші алқабиді қосалқы алқабиді құрамында болатындығын білдіреді.

Алқабидіге облыстық және оған теңестірілген соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган нақты іс қаралып болғаннан кейін, ал егер істі қарау созылатын болса, ай сайын бюджет қаражаты есебінен аудандық сот және оған теңестірілген сот судьясының (1 жылға дейін өтілі бар) лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ алқабидің сотқа қатысу уақытына (жұмыс күнінің санына) барабар, оның негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысынан кем емес мөлшерде сыйақы төленетінін айта кету керек.

Заң талабына сәйкес алқабидің сотта міндеттерін атқару уақыты еңбек стажын есептеген кезде есепке алынады және алқабидің міндеттерін атқару кезінде оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқабидің сотта міндеттерін атқаруы кезінде оны жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейтіні заңмен бекітілген.

Көріп отырғанымыздай, алқабиді болу үшін заң тұрғысынан бүкіл жағдай жасалған, заң нормаларымен реттелген. Сол себептен алқабиді болуға халықтың ынтасын ояту мақсатында түсіндірме жұмыстар көптеп жүргізілуі керек және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға деген шараларды қолға алу маңызды деп есептеймін.

**Д.ГИЛЬМАНОВА,**  
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы



## АНАҢА АУЫР СӨЗ АЙТПА!

«Анаңа ауыр сөз айтпа! Атыңа ауыр жүк артпа!» деп қсиет еткен бабаларымыз. Ақмола облысы Қорғалжын аудандық сотында отбасылық-тұрмыстық қатынастар сааласында құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабы бойынша жауапкершілікке тартылған азаматқа қатысты жария сот ауыл тұрғындарының қатысуымен өтті.

Сот анықтағандай, жұмыссыз 57-жастағы К. алкогольдік масаң күйде 88-жастағы анасымен жанжалдасып, оқиға кезінде оған құрметсіздік танытып, балағат сөздер айтқан (ӘҚБтК-нің 73-бабының 2-бөлігі).

Мұндай теріс қылықты ол бірінші рет жасап тұрған жоқ. К. әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде құқыққа қарсы әрекетті қайталап тұр. Бұған дейін, 2025 жылдың шілде айында, соттың қаулысымен ол осындай құқық бұзушылық үшін ескерту түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылған болатын.

Ал бұл жолы қателігінен сабақ алмаған азамат сот қаулысымен 40 сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартылды. Сондай-ақ, оның мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленіп, алкогольдік ішімдіктерді тұтынуды тыйым салынды. Қайталама құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, сот К.-ны профилактикалық әңгімеге келуге міндеттеді.

**Ақмола облысы  
Қорғалжын аудандық соты**

БИТІМ

## МЕДИАЦИЯ ДАУКЕСТІКТІ ТӨМЕНДЕТЕДІ

Жұмыс істегеніне он бес жылға жуықтаса да Медиация туралы заңның тиімділігіне күмәнмен қарайтындар, яғни, оны формальдылық ретінде қабылдайтындар саны басым. Мұны аталған заңның қоғамға дендеп еніп кете алмауынан көруге болады. Соңдықтан, дау-жанжалды сотқа дейін және сотта реттеу рәсімдерінің артықшылықтары жұртшылыққа жан-жақты әрі ұдайы түсіндірілуі қажет.



Бүгінде еңбек дауларында алдымен келісу комиссиясына, ал сақтандыру дауларын реттеуде бірінші сақтандыру омбудсманына жүгінуге міндеттелген. Дауларды сотқа дейінгі міндетті реттеу рәсімі сот жүйесінде жүктемені азайтумен қатар, азаматтар үшін келіспеушіліктерді реттеу процесін жеңілдетіп, оңтайландырады.

Дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібінің тиімді немесе формальды болуы тәжірибе көрсетіп отырғандай тараптардың өздеріне тікелей байланысты. Олай дейтіміз, екі жақтың да дауды сотсыз бітіру келісіміне заң талабынан ауытқымай сауатты жасап, өз міндеттерін жауапкершілікпен орындауы даудың тез арада шешімін тауып, уақыт пен қаржының үнемделуін, арадағы іскерлік қарым-қатынастың және құпиялылықтың сақталуын қамтамасыз етеді. Алайда, тараптардың бірі өз міндетін орындамай, келісімнен жалтарған жағдайда бұл ресми рәсімге айналуы әбден мүмкін. Өйткені, келісімшарт талабының орындалуына соттың пәрмені керек болады.

Экономикалық даулардағы медиация тараптардың келіспеушіліктерді сотты араластырмай шешуіне бағытталған өзара іс-әрекеттерін білдіреді. Тараптар өз бетінше келісіп, бітімгершілік, медиация келісімдерін, дауды сот талқылауына дейін немесе оның барысында шешу үшін партисипативтік рәсім, сот хаттамасын жасай алады. Алайда, олар дау туындаған кезде медиацияға мән бермейді. Бұл көбінесе тиісті мекемелер басшылары мен бизнес өкілдерінің сотқа дейінгі хат-хабарлардың мағынасын түсінбеуінің немесе оны міндетті емес деп санауының салдарынан орын

алады. Заңды тұлғалар мен басқа да жеке кәсіпкерлік субъектілері арасындағы дауларда, яғни, кәсіпкерлік қызметте сотқа дейін реттеуді мейлінше ұтымды пайдалану басы артық сот шығындарын болдырмайды. Сонымен қатар, дау-дамай салдарынан денсаулыққа кері әсерін тигізетін күйзелістен сақтайды.

Бұған қоса дауларды сотқа дейін реттеу инвестициялық климат пен уәкілетті органның имиджін жағымды әсер етеді. Сайып келгенде, дау-дамайды ортақ келісіммен шешудің артықшылығы көп. Ең тиімді және қолжетімді тәсілдердің бірі әрі бірегейі осы сотқа дейінгі реттеу тәртібі екенін толық сеніммен айта аламыз. Келісімде тараптарды қанағаттандыратын барлық талаптар мен оларды орындау уақыты, т.б. егжей-тегжейлі нақты көрсетіледі.

Сотқа дейін реттеу институты мемлекеттік органдар шешімдерінің заңдылығы мен дәлелділігіне бақылауды арттырып, соның нәтижесінде тексеру субъектілері мен тексеруші органдар арасында өзара әрекеттестік орнатады. Дауды сотқа дейін реттеу материалдық, моральдық шығындарға ұшырамай, дау-жанжалды азаматтық істің кез келген уақытында бітімгершілік келісіммен аяқтап, елде дауқестік деңгейін төмендетеді. Бұл мемлекетіміз үшін, халық үшін, соттар үшін де тиімді әрі көңілге қонымды тәсіл.

«Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ» демекші, дау атаулыны өзара келісіммен біріге отырып шешуге тырысу, бірлігімізді берік, тірлігімізді тиянақты етері анық.

**Лилия ИСМАИЛБАЕВА,**  
**Алматы қаласы**  
**маманданылған**  
**ауданаралық экономикалық**  
**сотының судьясы**

БИЛГЕН ЖӨН

## МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КҮТІП ҰСТАУ

Сот жүйесінің тиімді жұмыс істеуі мемлекеттік мүліктің сапалы әрі уақытылы күтіміне тікелей байланысты. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету соттардың қоғам алдындағы міндеттерін жоғары деңгейде орындауына жағдай жасайды. Осыған байланысты мемлекеттік мүлікті күтіп ұстау – сот жүйесі қызметінің маңызды бағыттарының бірі.

Сот ғимараттарының, жұмыс кабинеттерінің, архивтердің, залдардың және инженерлік-инфрақұрылымның қауіпсіз әрі сапалы күйде болуы сот төрелігін қамтамасыз ету процесінің ажырамас бөлігі. Уақытылы жөндеу жұмыстары, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, өрт қауіпсіздігі жүйелерінің жұмысын тексеру – мүлікті тиімді пайдаланудың негізгі элементтері. Сонымен қатар компьютерлер, принтерлер, бейнежазба құрылғылары, серверлік жабдықтар сияқты техникалық құралдарды жаңарту және жүйелі қызмет көрсету сот өндірісінің үздіксіз жүруіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік мүлікті дұрыс пайдалану және күтіп ұстау бюджет қаражатының үнемді әрі мақсатты жұмсалымын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар да активтерді есепке алу, инвентаризация жүргізу, кепілдік мерзімдерін бақылау, жауапты тұлғалардың міндеттерін нақты белгілеу ерекше назарда болуы тиіс. Материалдық ресурстардың тозуын уақытылы анықтау және ауыстыру – шығындарды оңтайландыруға, жұмыстың қауіпсіздігін арттыруға септігін тигізеді.

Қызметтік ғимараттардағы жағдай қызметкерлердің жұмыс сапасы мен азаматтарға көрсетілетін қызмет деңгейіне де әсер етеді. Жарықтандыру, жылыту, желдету, қауіпсіздік камераларының дұрыс жұмыс істеуі, сот залдарының талапқа сай жабдықталуы – сотқа келген әрбір азаматтың сенімін арттыратын маңызды факторлардың бірі.

Қорытындылай келе, сот жүйесіндегі мемлекеттік мүлікті күтіп ұстау – тек техникалық міндет емес, ол сот төрелігінің сапасы мен беделіне тікелей ықпал ететін стратегиялық бағыт. Материалдық базаның жүйелі жаңартылуы мен сапалы күтімі соттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етіп, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісіне зор үлес қосады.

**У.РАХМАТУЛЛАЕВ,**  
**ҚР Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті**  
**Соттардың инфрақұрылымын дамыту бөлімінің басшысы**

КИЕ

Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі. Қазақстанның негізгі тілі – мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, білу – біздің әрқайсысымыздың асыл парызымыз.

## ТІЛ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТАТЫН – ӨЗІМІЗ

Ұлттың ұлт екенін танытатын оның тілі, ол нәр беретін тамыры. Сол арқылы біз Қазақстан деп аталатын ұлы мемлекеттің ұрпағы екенімізді танытамыз. Кез келген ұлт өз тілімен ерекшеленеді, еңсесін тіктейді.

Қазақтың ұлы перзентін бала Абайдан дана Абайға көтерген де – осы қасиетті тілі. Көңілінде қазақы күй ойнаған, жүрегінде жауһардай жыр орнаған қалаулыларымыз тіл құдіретін мойындап, келте құбылыстарға кесек ойларын айта білген.

ҚР «Тіл туралы» заңының 4-бабында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі екені, және де Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы екені айқын көрсетілген. Сондай-ақ, осы заңда мемлекеттік тілді қорғау, оның қолданылу аясын кеңейту жөнінде басқа да баптарда жан-жақты айтылғанын жақсы білеміз.

Осыған орай ҚР Жоғарғы Соты-

ның, Сот әкімшілігінің басты ұстанымы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесін ұлғайту.

Осы бағытта әрбір соттардағы кіріс-шығыс құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің, қазақ тілінде қаралып жатқан істердің үлес салмағы, судьялар мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлері арнайы бағамдар бойынша сараланып отырады.

Өкінішке орай, ғасырлар қойнауынан бабаларымыздан бізге аманатталған ана тіліміздің қазіргі қолданылу аясы әлі де көңіл алаңдатарлық. Олай дейтінім, 2025 жылдың 9 айында қаралған істердің үлес салмағына жасалған бағам бойынша Қызылорда облысының соттарында азаматтық істер бойынша мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу – 65%-ды ғана құраған.

Ал соның ішінде, бұрынғы орыс тілінде бірен-саран іс қаралатын Арал аудандық сотында 2025 жылдың 9 айында азаматтық істер бойынша мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу – 53 % құрап отыр.

Азаматтық процестік заңнамаға

БАҒДАР



ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың: «Әділетті Қазақстан – Заң мен тәртіп үстемдік құратын ел», – деп елдегі заң мен тәртіпке басымдық беруі құқықтық жүйені толықтай жоғары сапаға көтерді. Соның басында сот саласы тұр. ҚР Конституциясы адам құқығына кепілдік береді, соны сақтайды, қорғайды, жалпыға ортақ ереже тәртіптерін бекітеді. Қазақстанның тәуелсіз, бітарап сот жүйесі де әділетті ту ете отырып, адам құқықтарының бұзылмауы мен қоғамдық тәртіптің жалпыға ортақ қағидаларын ұстанады.

Сот жүйесі тәуелсіздік алған жылдардан бері дамып, жетіліп,

## РЕФОРМАЛАР ӨЗ ЖЕМІСІН БЕРУДЕ

жаңашылдыққа бет бұрды. Қарапайым бұқараға қолжетімді болып, ашықтыққа қадам басты.

Тұтас жүйеге жаңа институттарды енгізу оны практикада қолдану оңай болмаса да, соңғы жылдары құқықтық реформалар өзінің оңды жемісін бере бастады. Алқабилер институтынан бастау алатын әділ төрелік институттары сандық жүйе мен жасанды интеллект қосылған тұста жаңаша түледі.

Кез келген мемлекет заңның мүлтіксіз орындалуымен құнды. Ол үшін сот сатыларындағы төреліктің шынайы, әділ, адал болғаны маңызды. Құқықтық заңдылықтарды қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асыру бүгінде айнымайтын қағида, темірдей ұстанымға айналған.

Электронды сот төрелігі соңғы кездері сотқа қатысты оң көзқарасты бекітіп, халық тарапынан үлкен сенімге ие болды. Байланыссыз, тікелей қарым қатынасыз электрон-

сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты белгіленетіндіктен, аудандық сотта орыс тілінде қаралған істер қатарын өзге өңірлерден түсетін арыздар, талап қоюлар құрағанын да айта кету керек. Тіл туралы заңға сәйкес мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Өкініштісі, осы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге атсалысуы тиіс деген мекемелердің, ұйымдардың іс қағаздарын жүргізуде, процестік құжаттарды, талап қоюларды жазуда орыс тіліне басымдық беретіні.

Жалпы, мемлекеттік тілдің еркін қанат қағып кете алмауының басты себебі, өзіміздің оған деген немқұрайлылық танытуымыздан дер едім. Олай дейтінім, кейбір азаматтарымыз заңгерлердің орыс тілінде жазып берген талап қою арызына мән бермей, оны сотқа тапсырып, кейін сот процесінде ол тілді білмегендіктен талабын түсіндіре алмай жатады. Осындай жағдайларды көргенде қынжылатынымыз рас.

Өз тілін қастерлеген жанның өз елінің болашағына да үлкен үлес қосатыны сөзсіз. Сонымен, мемлекеттік тілдің дамуын жан-жақты қолдау баршамыздың абыройлы міндетіміз деп түсінген абзал.

**Руслан АЛДАМБЕРГЕНОВ,**  
**Арал аудандық сотының**  
**төрағасы**  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ШЕБЕРЛЕРІ БАҚ СЫНАДЫ

Биыл 21 мемлекеттен 180 тоғызқұмалақ шебері бақ сынады. Тоғызқұмалақтан Алматыда жасөспірімдер (мектеп оқушылары U-15, U-17 классика онлайн/офлайн, рапид, блиц) арасындағы Әлем чемпионаты ашылды. Алматыдағы «Зенит» спорт орталығында биыл екінші рет ұйымдастырылған Әлем чемпионатының ашылу салтанаты өтті.

«Дүниежүзінен ондаған мемлекет қатысып отырған оқушылар арасындағы әлем чемпионаты тағы да жауын көтеріп отыр. Біз бұл шараға атсалысқан барлық тоғызқұмалақ жанашырларына алғыс білдіреміз. Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы президенті Әлихан Байменовтің сәлемін жеткіземін. Ол кісінің айтуынша: тоғызқұмалақ жеңілетіндер, ұтылатындар болмайды. Ұтатын – тек ұлттық мәдениет. Осы ұлттық зияткерлік ойынды ЮНЕСКО мойындаған, оған әлемдік деңгейде қызығушылық артты. Қазір дүниеінің алдыңғы қатарлы елдерінде ұлттық ойынға қызығушылық жоғары. Ондаған мемлекет федерациялар құрып, өз іштерінде чемпионаттар өткізіп жатыр», – деді Қазақстан Тоғызқұмалақ спорт-федерациясының президенті Әкім Тұрсын.

Ұлттық зияткерлік ойындардың ең көне әрі терең мағыналы түрі – тоғызқұмалақ биыл әлемдік деңгейдегі спорт мерекесіне айналды. 2025 жылдың 17–23 қарашасы аралығында Алматы қаласында жасөспірімдер (U-15, U-17) арасындағы Тоғызқұмалақ Әлем чемпионатына дүниежүзінің 20 мемлекетінен ойыншылар келді. Бұл жарыс классика онлайн және офлайн,



рапид және блиц форматтарында ұйымдастырылады. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған жас спортшылар зияткерлік шеберліктерін сынап, ұлттық ойынды халықаралық деңгейде насихаттайтын мүмкіндік алады. Жарыс жеңімпаздары мен жұлдегерлері арнайы кубоктармен, медальдармен және дипломдармен марапатталады.

Чемпионат алғаш рет 2023 жылы Алматы қаласында ұйымдастырылды. Оған 17 мемлекеттен 136 спортшы қатысқан. Биыл 21 мемлекеттен 180 тоғызқұмалақ шебері бақ сынады. Орта Азия елдерінен бөлек Моңғолия, Пәкістан, Қытай, Үндістан, Германия, Италия, Корея, Түркиядан және Шығыс Еуропа елдерінен ойыншылар қатысады.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
**«Заң газеті»**

## ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Кентау қаласында соңғы кездері көптеген спорт клубтары, спорттық жаттығу және ойын кешендері ашылып, сондай-ақ, қала тұрғындары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында марафондар ұйымдастырылып жүр. Спорт – халықтың қажеттілігі мен сұранысының бірі. Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Жалғасбек Жақаев бізге осы мәселелердегі қала халқының ұстанымы мен өмір салты жайлы әңгімелеп берді.

**– Жалғасбек Оразбекұлы, қала тұрғындары арасында бұқаралық спортқа қызығушылар көп пе? Олар қай жерлерде, қандай спорт түрлерімен айналысады?**

– Әрине, қала тұрғындары арасында спортқа бетбұрыс жыл санап артып келеді. Кентау қаласында дене шынықтыру және спортпен тұрақты түрде шұғылданатын барлық жастағы тұрғындар саны 42 307 адамға жетіп, халықтың 42,5 пайызын құрап отыр. Соның ішінде 3-18 жас аралығындағы дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын балалар мен жасөспірімдердің үлесі 11 785-ке жетіп 33,4 пайызды құрады. Биылғы жылға мемлекеттік спорттық тапсырыс жобасының «damubala» ақпараттық жүйесінде қала бойынша 4 өнім берушіде 444 бала шұғылдануда. Кентау қаласында жалпы 8418 мүмкіндігі шектеулі жандар бар, оның ішінде спортпен және дене шынықтырумен айналысуға қарсы көрсетілімі жоқ 1889 адам тіркелген. Қазіргі таңда 302 немесе 16 пайызы тұрақты түрде спортпен айналысады. Сонымен қатар, Кентау қаласында орналасқан Б.Саттарханов атындағы №1 БЖСМ-де жасөспірімдер үшін апта сайын тегін қызмет көрсету сағаты енгізіліп, ай сайын 500-ге жуық бала спортпен шұғылдануда.

**– Сіздерде спорт нысандары жеткілікті ме? Білуіңізше Б.Саттарханов атындағы №1 БЖСМ жаңа ғимаратын салу қолға алынған еді, оның құрылысы жүріп жатыр ма? Сонымен қоса, қалада қанша нысан салынады деп жоспарлануда және қандай спорттық мекемелерге жөндеу жұмыстары жүргізілді?**

– Кентау қаласында қазіргі таңда 91 спорт нысандары тіркелген. Оның ішінде: 1500 және одан жоғары орынға арналған екі стадион, 5 спорт кешені, 42 спорт залы бар. Оның ішінде 15 спорт кешендерінде, 23 білім беру мекемелерінде, 3 колледжде, 1 жоғарғы білім беру мекемесінде орналасқан. Сондай-ақ қалада 41 жазықтықты құрылғылар бар. Оның ішінде 23 спорттық алаң, 18 балалар алаңы жұмыс жасап тұр.

Кентау қаласында бір жүзу бассейні орналасқан. Халықтың 1000 адамға арналған спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі 2025 жылдың жоспары бойынша 56% болу керек еді. Аталған жоспар осы жылдың 10 айлық кезеңі бойынша 59,1% құрап отыр. Әрине бұл біздің қала тұрғындарының спортқа деген қызығушылығының артқанын білдіреді.

**Жалғасбек ЖАҚАЕВ, Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы:**



# «ҚАЛАДА БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ ДАМУЫП КЕЛЕДІ»

Сонымен қатар биылғы жылы 2 ғимаратқа ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге облыстық бюджеттен 44 586,0 мың теңге қаржы бөлінді. Кентау қаласы Абай даңғылы №8 мекенжайында орналасқан қалалық Б.Саттарханов атындағы №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің аумағынан жаңа дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешенінің құрылысы үстіміздегі жылдың тамыз айында бастау алды. Жобаның жалпы құны: 2 201,1 млн теңгені құрайды. Алла бұйырса жұмыс кестесінің сәйкес 2026 жылы аяқталып 250 орындық трибунасы бар жаңа дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешені пайдалануға беріледі.

**– Кентау қаласының атын шығарып жүрген спорт мақтаншылары туралы да айта отырсаңыз.**

– Киелі Түркістан мен Қаратаудың бөктерінде орналасқан Кенді шаһардағы спорт саңлақтары қаламыздың ғана емес облысымыздың және республикамыздың мерейін халықаралық аренада да асқақтатып жүргені белгілі. Қаламызды спортын әлемдік деңгейде дәріптеген Даурен Дарибаев «Бруссыя» 15 кг салмақпен, 82,5 кг дейінгі категорияда өнер көрсетіп, «Элита» нормативін орындады. Жарыста 43 қайталау жасап 1-орын иеленіп, жаңа Әлем рекордын жаңартты.

Сонымен қатар «Жим стоя» сайысында «Мастер спорта» нормативін орындап, 96 кг зілтемірін көтеріп, 1-орынға ие болды және тағы бір рет әлем рекордын орнатты. Руслан Валиев «Бруссыя» 15 кг салмақпен, 90 кг дейінгі категорияда 25 қайталау жасап, 1-орынды иеленді. «Жим стоя экстремальный» сайысында «Кандидат мастера спорта» нормативін орындап, 92,5 кг көтеріп, тағы да 1-орыннан көрінді. Ал «Русский жим 75 кг» дисциплинасында 33 қайталау жасап, 2-орынды иеленді.

Боксшы қыздарымыз Лия Абдуллаева, Айым Танкибаева, жасөспірімдер арасындағы самбошы Шоқан Уәлихан, әлемдік рекордтарды жаңартқан балуандары Дилмурат Ташполатов, Елнур Абдурахманов, Абдуқадір Абдрахманов, Байдулла Оразали, Азия чемпиондары Ақбота Қыдырәлі, Нұрбек Нұрбаев, Адина Абақова, Нұрхан Жамалхан және тағы да басқа спортшыларымыз қаламыздың абыройын жоғары көтеріп келеді.

**– Сөзіңізге қарағанда қала тұрғындары арасында спортқа деген қызығушылық артып келеді. Әлемдік додаларды да бағындырған спортшыларымыздың қатары көбейіп келеді. Осы спорттық додада өнер көр-**

**сеткен спортшыларымыздың өнерін тамашалайтын жанкүйерлер саны қандай?**

– Атап өткенімдей, жыл сайын спортқа қызығушылық танытатындар саны артып келеді. Әсіресе, жастардың ынтымағы жоғары. Мысалы, қандай спорттық додаларда, жергілікті командаларды қолдауға барған жанкүйерлерге көз салсаңыз, арасында жастардың үлесі басым екенін байқаймыз. Бұл спортпен айналысуға, спортқа қызығушылық танытуға мүмкіндік жасаған ауқымды жобалардың нәтижесі екені анық.

**– Қазіргі таңда**

шауды жеңудің бір жолы. Марафон жарысы – кеше немесе бүгін пайда болған жоқ. Ертеден келе жатқан жарыстардың бірі. Пайда болу тарихының өзінде ақиқат пен аңыз бар. Соның бірі – грек жауынгері Фидиппид есімімен байланысты. Ол афиналық әскердің жеңіске жеткен хабарын жеткізу үшін Афины қалаларын жүгіріп өткен. Бұл қашықтық қазіргі 42 шақырым 195 метр болған бейімделуі керек. Әрине, жарысқа қатысамын деушілердің арасында ешқашан ұзақ қашықтыққа жүгіріп көрмеген, дайындығы жоқ, тек осы бір спорттық іс-шараның атмосферасын сезініп, саламатты өмір салтын қалыптастырамын деушілер де қатыса алады. Қазір әлемнің 83 елінде ресми тіркелген 800-ден астам марафон өтеді.

Біздің қаламызда да марафон жарысын өткізу жолға қойылған. Аталған спорт түріне қатысушылардың саны жыл санап көбейіп келеді. Жуырда Кентау қаласының 70 жылдығы мен Республика күніне орай Қарнақ ауылында «Қозғалыс – өмір көзі, спорт – денсаулық кепілі» атты жүгіру марафоны өткізілді. Бұл марафонға 10 жастан 70



**марафон көпшілік қызығатын бұқаралық спортқа айналды. Кентау қаласында осы марафондардың ұйымдастырылуы қалай?**

– Әрине, үлкені де, кішісі де, ұлы да, қызы да, кәсіби спортшы мен қарапайым тұрғын да қатыса алатын спорт түрі – марафон екені белгілі. Ықылым заманнан келе жатқан желаяқтар жарысы – қатысушылар үшін бәсеке ғана емес, мерек. Әлемдегі дамыған елдер мен ірі қалаларда жыл сайын марафон жарысы ұйымдастырылып тұрады. Бұл – қоғамдағы саламатты өмір салтын сақтау мен күнделікті күйбең тіршіліктегі күйзеліс пен шар-

жасқа дейінгі 200-ден астам қала және ауыл тұрғындары қатысып, 5 шақырымдық қашықтықты еңсерді. Марафонның басты мақсаты – қала тұрғындары арасында спортты насихаттау, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жас ерекшеліктері бойынша үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды. Келесі жылы да осындай марафондар өткізу жоспарда бар.

**– Уақыт бөліп сұхбаттасқаныңызға рақмет!**

**Раушан НАРБЕК**  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

## ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БОЛАДЫ?

2025 жылғы 7 қарашадағы Үкімет қаулысымен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу кезінде қызметкердің Салық кодексінде көзделген барлық айлық табыстары ескерілетіні нақтыланды.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу кезінде келесі төлем түрлері ескерілмейді:

Салық кодексінің 365-бабында көрсетілген (жеке тұлғаның табысы болып саналмайтын) төлемдер;

Табыс көзі болып табылатын тұлғаның салық салынатын табысын азайтатын төлемдер.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуге арналған шығындар агенттің еңбекақы қорының құрамына кіреді.

Жалпы, түзетулер мына бағыттарда енгізілді:

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) аударылмайтын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), сондай-ақ жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есептелмейтін төлемдер мен табыстарды анықтау;

Интернет-платформалар мен мобильді қосымшалар арқылы қызмет көрсететін немесе жұмыс атқаратын жеке тұлғалар үшін платформалық жұмыспен қамтудың интернет-плат-

формасы операторының міндетті зейнетақы жарналарын төлеу агенті ретінде белгіленуі;

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимін (АСР) қолданатын тұлға ұғымының енгізілуі;

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолдану кезінде міндетті зейнетақы жарналарының есептеу объектісін, мөлшерлемесін және төлеу мерзімін айқындау;

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша берешек сомасы 6 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) асқан жағдайда, мемлекеттік кірістер органының қарыз туралы хабарлама жіберу және шара қолдану тәртібін белгілеу.

Құжатта көрсетілгендей, міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша 6 АЕК-тен астам берешек өтелмеген жағдайда, агент қызметкерлер тізімін мемлекеттік кірістер органына хабарлама табыс етілген

күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде ұсынуы тиіс.

Мемлекеттік кірістер органы берешек 6 АЕК-тен асқан күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасы туралы хабарламаны агентке жолдайды, ол кейіннен Мемлекеттік корпорация арқылы БЖЗҚ-ға аударылады.

Хабарлама агентке қолхатпен жеке табысталады немесе жіберілген және алынғанын растайтын тәсілдердің бірімен жолданады.

Сондай-ақ, егер жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша 6 АЕК-тен асатын берешек өтелмесе, мемлекеттік кірістер органы агенттің банк шоттары мен қассасы бойынша шығыс операцияларын хабарлама табыс етілген күннен кейін он жұмыс күні өткен соң тоқтатады.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

## ЖАҢА ЛЕП

Бас көлік прокуратурасы «Заң мен Тәртіп» қағидасын іске асыру аясында жаңа цифрлық профилактика форматын іске қосты. Енді қазақстандықтар әртүрлі құқықбұзушылықтар туралы – алаяқтықтан бастап есірткі айналымына және өзге де қымыстық схемаларға дейін – жедел алдын алу ақпаратын Egov Mobile және InDriver қосымшалары арқылы ала алады.

## АҚПАРАТ АДАСУДАН САҚТАЙДЫ



Egov Mobile қосымшасының басты бетіне арнайы интерактивті бөлім орналастырылған. Осы бөлімге өткен пайдаланушылар прокуратура органдарының ресми сайтына бағытталады. Онда түсіндірме материалдар, кең тараған қылмыстық схемалардан

қорғану бойынша ұсынымдар, сондай-ақ қылмыстық жауаптылық туралы мәліметтер жарияланған. Ақпараттың берілу форматы оны барынша қолжетімді әрі түсінікті етуге бағытталған.

Осыған ұқсас профилактикалық баннерлер мен push-хабарламалар InDriver платформасына да енгізілді. Бұл аудиторияны айтарлықтай кеңейтіп, алдын алу мазмұнын елдің кез келген өңіріндегі азаматтарға қолжетімді етті.

Цифрлық шешімдер профилактиканы жаңғырту бойынша жүйелі жұмыс аясында жүзеге асырылып, Мемлекет басшысының «Заң мен Тәртіп» қағидасымен үйлесімді орындалуда. Басты мақсат – халықтың хабардарлығын арттыру, құқықбұзушылықтардың алдын алу және өзекті ескертулерді жедел түрде кең аудиторияға жеткізу.

Профилактикалық сервис тәулік бойы жұмыс істейді, ал жаңартулар мен ескертулер пайдаланушыларға тұрғылықты өңіріне қарамастан қолжетімді.

**ҚР Бас көлік прокуратурасының баспасөз қызметі**

## ТАРАТУ

4. «B-Market (B-Маркет)» ЖШС (БСН 220640024182) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, 5-үй, ҚСБ 46.

5. «Dauir-KZ» ЖШС (БСН 201040001923) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Васильков шағын ауданы, 11-үй, 22-пәтер.

7. «СпецЭнергоХим» ЖШС (БСН 250140029488) (Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Победа көшесі, 14-құрылыс), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Победа көшесі, 14-үй, 9-кеңсе, тел. +7 707 122 64 45.

9. «Flags.kz» ЖШС (БСН 160940008910) (Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Таугүл ықшам ауданы, Пролетарская көшесі, 2), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 42-үй, 15/15 блок, 106-кеңсе.

10. «Ремстройсервис-С» ЖШС (БСН 020140008656) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Степногор қаласы, 7-шағын аудан, 30-үй, 39-пәтер.

11. «Quantor Technika» ЖШС (БСН 190840013126) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Гагарин даңғылы, 236Б-үй.

12. «Kitchen Systems» ЖШС (БСН 200640005599) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Қазыбек би көшесі, 205-ғимарат.

15. «Ақжайық-связь» ЖШС (БСН 010840004776) (Атырау облысы, Атырау қаласы, С. Датов көшесі, 14-үй, 59-пәтер) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, С. Датов көшесі, 42, 25-кабинет, тел. 8 701 520 91 20.

16. 2025 жылғы 18 қарашадағы №87(3815) «Заң газеті» басылымының «Тарату» айдарында, келесі мәтінмен жарияланған №16 нөмірлі хабарландыруында: «ДМ-Энерго» ЖШС, БСН 081240002509, өздерінің таратылуы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Герцен көшесі, 1А ғимарат. Тел. +7-777-753-53-09», дұрыс ақпарат — БСН 081240002505.

18. «Табиғи Таза Ет» СПК (БСН 240440014396) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Құрманғазы көшесі, 150-үй, 111-пәтер.

23. «Әдебиет Әлемі» ЖШС (БСН 121140003232) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 59, 7-пәтер.

24. «Бакыт жолы» ЖШС (БСН 160240016916) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Қостанай ауданы, Тобыл қ., Попович көшесі, 34А.

25. «МАРТКОМ» ЖШС (БСН 020740006413) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Оңтүстік-Батыс-2 тұрғын үй алабы, Шалкиіз жырау көшесі, құрылыс 1 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 701 712 61 48.

26. «KazTur-Service» ЖШС (БСН 190540019640) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Бірлік Промзона ауылы, Телемұнара ғимараты, № 67 үй, тел.: 87017942431.

27. «СК Индустриал групп» ЖШС (БСН 080940015976) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Кенесары көшесі, 272 үй, 59, тел.: 87084979706.

28. «DOMOSCO» ЖШС (БСН 240340007274, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қарасай батыр көшесі, 152/1 үй, индекс 050026) өзінің таратылатыны хабарлайды. Қатысушылардың жалпы жиналысының хаттамасы №8, 2025 жылғы 18 қараша. Талап-арыздар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қарасай батыр көшесі, 152/1 үй, индекс 050026. Телефон: 8 775 580 90 96.

## ӨРТҮРЛІ

2. «Advanced Processing Technogenic Resources» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 250 940 023 170 мекенжайы: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі 40 үй, н.б. 47, «Red Cliff» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне БСН 250240034309, мекенжайы: Ақмола облысы Көкшетау қаласы, Т. Сулейменов көшесі, 27 үй, 34 п. біріктіру арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі, 40 үй, н.б. 47. Телефон: +7 701 222 83 74.

3. Тараз қалалық сотының өндірісінде Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Аса шағын ауданы, 2-үй, 82-пәтер мекенжайында тұратын Алаудинова Елена Владимировнаның, 1962 жылғы 28 ақпанда туған азамат Алаудинов Бислан Сайдалиевичті хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы өтінішіне байланысты азаматтық іс қаралуда. Оның соңғы тұрған жері: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Аса шағын ауданы, 2-үй, 82-пәтер. Алаудинов Бислан Сайдалиевичтің тұрған жері туралы мәліметі бар адамдардан осы ақпарат жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы, Қаратай Тұрысов көшесі, 7 мекенжайы бойынша орналасқан Тараз қалалық сотына хабарлау сұралады. Судья Мамекова Л.С.

6. Тұтынушыларға арналған ақпарат «Қазушар» РМК Солтүстік Қазақстан филиалы Сіздің назарыңызға Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің 2025 жылғы «14» қарашадағы № 293-НҚ бұйрығы негізінде 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап «Тірек гидротехникалық құрылыстардың көмегімен жер үсті ағынын реттеу» реттелетін қызмет түрі бойынша тариф м3 су ҚҚС есебінсіз 1,04 теңгені құрайтынын жеткізеді.

13. Қарағанды облысы әкімдігінің 2025 жылғы 19 тамыздағы № 46/12 қаулысының негізінде Қарағанды облысы білім басқармасы Балқаш қаласының білім бөліміне қарасты «№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ (БСН 020740002788) өзінің Қарағанды облысы білім басқармасы Балқаш қаласының білім бөліміне қарасты «Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 жалпы білім беретін мектеп» КММ-не (БСН 020140003338) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылып жатқанын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Ы. Алтынсарин көшесі, 11-ғимарат.

17. «TEMA RETAIL KZ» (TEMA РЕТЭЙЛ КЗ) ЖШС (БСН 100640002890) жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабарлайды. Несие берушілердің жазбаша талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: 050000, ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Наурызбай батыр көшесі, 17А үй, 57А, пошта: RECEPTION.KZ@LCwaikiki.com.

19. «Кен-Құрылыс-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Бұдан әрі-Серіктестік (БСН 980740002360) Қазақстан Республикасы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес, Серіктестік жарғылық капиталын 215 900 864 (екі жүз он бес миллион тоғыз жүз мың сегіз жүз алпыс төрт) теңгеге азайғаны туралы 2025 ж. қараша айының 11-жұлдызында Серіктестіктің жалғыз қатысушысы шешім қабылдағаны жайлы барлық кредиторларына хабардар етеді. Барлық шағымдар Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Өнеркәсіп аймағы 5, құрылыс 9А (пошта индексі 130200) мекенжайы бойынша жазбаша нысанда бір ай мерзімде қабылданады.

20. «Red Cliff» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 250240034309) мекенжайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Т. Сулейменов көшесі, 27 үй, 34 п., «Advanced Processing Technogenic Resources» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (БСН 250 940 023 170) мекенжайы: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі, 40-үй, н.б. 47, біріктіру арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Мекенжайы: Қр, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Т. Сулейменов көшесі, 27, пәтер, 34. Тел.: +7 702 987 66 01.

21. Mega Center Plus (Мега Центр Плюс) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 111140019514) жаңа жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (болжамды атауы «Mega Park» ЖШС) бөлініп шығуы арқылы өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы және оған Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 127/1 мекенжайы бойынша орналасқан «Mega Park» сауда-ойын-сауық орталығын беру жоспарының отырғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 127/1, электрондық пошта mcp.offic@megacenter.kz, тел. +77272322515 (ішкі 5711), Бөлу балансымен танысу мәселесі бойынша жоғарыда көрсетілген мекенжайға хабарласыңыз.

22. 2025 жылғы 14 қарашадағы Қостанай қалалық соты Қостанай қаласында тұратын Татьяна Владимировна Мамаеваның, 17.01.1967 ж. т., Маяковский көшесі, 123 Ш. 36, 13.01.1967 ж., Соколов ауданы, Б-Малышка ауылының тумасы, Азамат Александр Витальевич Мамаевты қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғады. Оның бұрын тұрған Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Хмельницкий ауылдық округінің Ананьевка ауылында азаматтың тұрған жері туралы мәліметтері бар тұлғалардан осы хабар жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде сотқа хабарлауды сұраймыз.

29. «Жалпас» шаруа қожалығы мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өтетінін хабарлайды. Күн тәртібінде: 1. «Жалпас» шаруа қожалығының төрағасы сайлау; 2. Шаруа қожалығы жер үлескерлерінің арзына сәйкес жер телімдерін нақтылап бөліп беру; Өтетін орны: Сырдария ауданы, Қоғалыкөл ауылы, О. Садықұлы көшесі, 11 үй. Уақыты: 26.12.2025 ж сағат 11-00. Ұйымдастырушылар: қожалық мүшелері

30. АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР 2025 жылғы 23 қыркүйекте «Заң» газетінің №71 (3798) санында жарияланған, Ақсуат ауданы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу мақсатында жер телімдерін жалға беру жөніндегі конкурстар шығарылған жер учаскелеріне қатысты конкурс өткізу күніне өзгерістер енгізілгенін хабарлаймын. Конкурсның өтініштері бар конверттерді ашу және конкурстық ұсыныстарды қарау, сондай-ақ қорытынды шығару 2025 жылдың 14 қарашасы күні өткізіліуі тиіс болатын. Сонымен қатар осы жер телімдеріне құжаттар қабылдау 13 қараша 18:30ге дейін қабылданды. Конкурсның нақты өткізу күні мен уақыты Конкурсның өтініштерімен конверттерді ашу және қорытындыларын шығару 2025 жылдың 5 желтоқсан күні сағат 10.00-де Ақсуат ауылы, Төлегейта баба көшесі, 1 мекенжайы бойынша (аудан әкімінің ғимаратында) өтеді. Қосымша ақпарат алу үшін Ақсуат ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөліміне хабарласуға болады. Телефон: 8-723-46-2-10-43.

## МҰРАГЕРЛІК

8. 19.05.2025 ж. Сериалиева Марзия Аягановнаның қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус М.С.Жанкулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 139-үй, 82-пәтер. Тел. 8 705 961 22 01.

14. 2007 жылы 24 қыркүйекте қайтыс болған Тынымбаев Ханайдардың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немере мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шилелі ауданы, Шилелі кенті, Т. Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

ЗАҢ газеті

«Түрмедегі шетелдіктерді «асырау» ауыр тиіп тұр»

## Баспасөз – 2026

## Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

## Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43  
8 (708) 929-98-74  
E-mail:  
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоғыз көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе. www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.  
ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.  
«Sokrat-PV» Юридическое агентство ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).  
«Назар-1» фирмасы ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволива Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com  
ЖК «ТTrade and Service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.  
ЖК «Аюбаева» Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.  
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.  
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04  
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.  
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.  
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-715847211, 8-705356918.  
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.  
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.  
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.  
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.  
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.  
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78  
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойтөлдi көшесi 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 871268772, 87054422939.  
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.  
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.  
ЖК «Видай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

**(Жалғасы. Басы өткен санда)**

Кенет есіне Жомарттың еркелете жиі айтатын сөзі түсті:

«Менің өмірімнің ең нұрлы күні – Жанардың туған күні».

Абылай тынысын тартып, саусақтарымен жай басып: 1-7-0-9 – терді.

Телефонның экраны ашыла кеткенде, кабинеттің іші бір сәтке тынышталып қалғандай болды. Абылай терең дем алып, арқасын орындыққа сүйеп, көзін жұмды.

«Сенің жүрегіңде шындық бар екен, Жомарт...»

Телефонның ішінен бір-бірлеп хабарламаларды, фотосуреттерді, жазбаларды қарап шықты. Ішкі папкаларда ештеңе байқалмайтын сияқты. Бірақ банк қосымшасын ашқанда, бәрі өзгерді.

Бұлтар қоюланып, найзағай түсейін деп тұрғандай.

– Айгүл ханым, егер Сіз шын мәнінде білмеген болсаңыз, ақиқатты айтуыңыз керек. Болат не істеді? Қайда жіберді? Ақша кімге кетті? Ақиқатты ашыңыз. Әйтпесе, сіздің де атыңыз осы іс бойынша қылмыстық тізімде қалады.

Айгүл өзінің көз жасымен жуынып отырғандай:

– Болат маған шотымды бер деді. Мен сол арқылы бір танысына ақша жіберемін деді. Сосын бір-екі күннен кейін: «ештеңеге араласпа, сенің қатысың жоқ» деді. Бірақ, кейін Жомарт мырзаның өлгенін естідім. Абылай Айгүлдің жауаптарын тындап отырып, жазбаларға мұқият белгі қойып отырды. Әр сөзі – бір түйін, әр қайтарылған жауап – бір ілмек.

– Полковник, Айгүлдің шотынан екі рет аударылған 2 500000 теңге шетелдік осы есепшотқа түскен. Шот иесі...

Абылай басын көтеріп, Асанның бетіне сұсты қарады.

– Кім?

Асан жұтынып алды да жылдам сөйледі:

– Ниязхан Төлебаев.

– Ол қалай?!

– Иә, ол – кім?

Абылайдың жүрегі зырк етті. Жаңағы «бәрі келіскендей болады» деген хабарламаның бұл іске қатысы барын түсінгендей болды. Ол іштей қайталады: «Жомарттың өлімі – тек қана сатқындық емес. Бұл – іштен шыққан жау, сыбайлас жемқорлық».

Бөлмеде ауыр тыныштық ор-

немесе байқамай түсіріп алған болуы да мүмкін. Абылай терең тыныстап алды да, көмекшісіне бұрылды:

– Болатты шақыртыңдар.

\* \* \*

Болат тергеу бөлімшесіне келе сала бірден төрге озды. Иығында сенімділіктің жалауы желбірегендей. Қара көк костюмі үтіктелген, галстугі мінсіз түйілген. Көзіндегі паңдық – жылдар бойы үйренген екіжүзді маскадай.

– Қайырлы таң, полковник. Мені шақырдыңыз ба? – деді ол іскер адамға тән сыпайы үнмен. Абылай алдында отырған адамға емес, оның жан дүниесіндегі көлеңкеге үңілгендей көз тастады.

– Иә, Болат мырза. Қош келдіңіз. Сізбен ашық әңгімелескім келеді. Бұл – ресми тергеу емес. Бірақ, сіздің сөзіңіз – шындыққа жол ашуы мүмкін.

Болат жымиды. Қолын үстел үстіне қойып, сағатына бір қарап қойды.

күні сіздің телефоныңыздан күмәнді нөмірге үш мәрте қоңырау келген.

Абылайдың сөзі бәсең, бірақ өткір. Ол темірді қызған кезінде соғып тұрған нағыз тергеуші. Болат орнынан атып тұрып, қайта отырды. Саусақтарының ұшы дірілдеп, тізесінің үстің спиналы бастады.

– Мен кетем. Бұл – менің құқығым. Сұрақтарыңыз шектен шықты.

Абылай орнынан тұрмастан есік жаққа көз тастады. Сол сәтте ішке жас офицер кіріп, үнсіз Болаттың иығына қолын қойды. Ол қайта отырып, ашулы дем алды.

– Жалған сөз – жүрекке салынған қарғыс, – деді Абылай, үнін қатайтып. – Ал сіздің сөзіңізде шындықтың иісі жоқ. Мен талай өтірікшіні көрдім. Бірақ сіздей бейбіт күнде бауырын сатқан, қолын қанға бояған жалған дос сирек.

Болат көзіне жас толғандай кейіп танытып:

– Мен киллермен еш байланыста емеспін. Бұл – жала!

Абылай Болатты қорқытып, шындықты мойындату үшін әдейі:

– Киллер ұсталды. Қазір тергеу изоляторында. Ол біреуден тапсырыс алғанын мойындады. Көп ұзамай беттестіру болады. Сол кезде шындық өзінен-өзі сөйлейді. Ал сен сол кезде не істейсің, Болат? Айгүлді тағы да «танысым» деп құтылып кетесің бе?

Болат қасарысқан күйі, сыр білдірмей үнсіз отыр. Сенгені сол баяғы Тезекбай. Бір сәтке тыныштық орнады. Кабинеттің ішіндегі ауа қоюланып кеткендей. Абылай орнынан тұрып, терезеге барды. Далада күн қарайып барады. Жарығы мол қала – алдамшы нұрға оранып тұрғандай. Ол баяу бұрылып:

– Сен Жомартты емес, өзінді өлтірдің, Болат. Жаныңдағы аз ғана ар-ұятты тұншықтырып, мәңгілік қапасты таңдадың. Мен заң алдында ғана емес, АЛЛА алдында да жауабың бар екенін саған ескертіп тұрмын.

Офицер Болатты орнынан тұрғызды. Абылай қолын көтеріп, тоқтатты.

– Соңғы сұрақ. Егер бәрі әшкере болса Жанар мен Жомарттың балаларының көзіне қалай қарайсың?

Болат бұл жолы үн қатпады. Беті бозарып, көзі боталап барып, басын төмен салды. Есіктен шыққан кезде ғана ернін сыбырлата жымиды:

– Шындық бәрібір жеңеді.

Абылай ауыр күрсінді. Бұл – күрестің бастамасы ғана. Ал шындықтың жүгі – әрқашан да ауыр. Абылай Болаттың үйін тінтуге санкция алды. Үйінің бір бұрышынан жасырылған флешка табылды. Ішінде – Жомарт туралы жазбалар, жеке суреттер және аудио файлдар. Абылай бір түн бойы сол жазбаларды зерттеді.

Аудиода Болаттың дауысы анық естілді:

– Жомарт тірі қалмауы керек. Бұл – соңғы мүмкіндік. Егер ол сөйлесе, бәрі бітеді. Алайда бұл дәлелдер жеткіліксіз. Басты айғақ киллер табылар емес. Жанар түсініктеме беру барысында киллердің түрін көріп қалғанын айтқан болатын. Абылай Жанарға бірден телефон шалды:

– Жанар ханым, амансыз ба!

– Жақсы, шүкіршілік! Тергеу қалай жүріп жатыр? Қандай жақсы жаңалығыңыз бар?

– Сіз киллердің көзін және жартылай түрін көргенсіз. Сондықтан суреттеп айтып беруіңіз керек. Біз фоторобот бағдарламасы арқылы оның бет-бейнесін жасап шығаруымыз керек. Сосын суретін жан-жаққа таратамыз. Бұл қылмыстық істі ашуға көмек береді. Басқа тәсілді көріп тұрған жоқпын.

**Алмагүл СЕРІКҚАЛИЕВА**  
(Жалғасы бар)

# АР ЖАЗАСЫ –

«Міне, шындықтың шұңқыры осы жерде жасырынып жатыр...».

Соңғы 10 айдағы аударымдар тізімінде бір таңсық есім көзге түсті:

«Айгүл Бақытбекова» – 5 000 000 теңге.

Аударым Болат Қожабаевтың шотынан жасалған. Анығы – ақша тікелей Айгүлге түскен.

«Болат киллерге тікелей ақша аудармайды. Ол әрқашан басқаны араға салады. Сатқын тікелей әрекет етпейді. Ол көлеңкенің арасын бетперде етеді...»

Абылай дереу блокнотына үш атау жазды:

1: Айгүл Бақытбекова – ақшаны алған әйел;

2: Болат Қожабаев – негізгі күдікті;

3: VPN байланыс – арнайы жасырылған қоңырау арқылы тапсырыс берілген.

Сосын рацияны қосып, нық дауыспен бұйрық берді:

– Асан, Айгүл Бақытбекованы тауып кел. Тіркеуі, телефоны, мекенжайы, тіпті балабақшада баласы бар ма – бәрін біл. Ол – біздің алтын кілтіміз!

\* \* \*

Келесі күн. Тергеу бөлмесі.

Абылайдың алдында отыздар шамасындағы әйел отыр. Көзі қызарған, қолдары дірілдеп тұр. Мен Айгүл Бақытбекова.

– Айгүл ханым, – деді Абылай сабырлы дауыспен. Сіз соңғы 10 айда Болат Қожабаевтан ірі көлемде ақша алғансыз. Себебін түсіндіре аласыз ба?

Айгүлдің ерні дір етті. Ол жанын қинап, сөйлеуге оқталды:

– Мен, мен білмеймін. Болат ағай көмектесші деді. Мен тек банк картамды бердім. Басқа ештеңе...

Абылай қағаз парағын алып, оған қарап қалды:

– Банк картасын беру жай көмек емес, Айгүл ханым. Сол карта арқылы бір адамның өмірі қиылды. Сіз болмашы көмектің артында кісі өлімі тұрғанын білдіңіз бе?


Айгүлдің көзінен жас ыршып кетті. Көз жасын сүрту үшін сөмкесін ашып, қол орамалын іздеп жатқанда ішінен байланыс парағы (визитка) жерге түсіп кетті. Абылай ширақ қылмылмен жерден көтеріп алып:

– Айгүл ханым, мына байланыс парағыңызды маған бересіз бе? – деп сұрады.

– Әрине, алыңыз, – деп, қол орамалымен көзін сүртіп жатып,

– Құдай үшін, мені кешіріңізші. Мен ештеңе білмедім! Ол тек «бір жұмысты аяқтау керек» деді. Кісі өлтіреді деген ой маған келген емес, – деп ақтала сөйледі.

Абылай орнынан тұрып, терезеге қарады. Аспан тұнжырап кеткен.



# АҚИҚАТ АЙНАСЫ

Ол орнынан баяу тұрды. Кабинеттің ішін үнсіздік кернеген. Терезеден сыртқа көз тастап, көкжиектегі қою бұлтқа қадала қарады. Жарық шам әлсіз жанып, сары сәуле оның жүзін көлеңкелеп тұрды. Кенет бір ой жарқ ете қалды.

Айгүл бетін басып, жылай бастады. Қара түннің көз жасындай мөлдіреген таңғы шық кеппеген әйнектің арғы жағында өмір өз ағысымен өтіп жатқанымен, оның кеудесінде тыным таппаған бір алапат ой құйыны шыр айналып тұр. Түнгі тергеу материалдары мен криминалдық сараптама нәтижелерінің барлығы Болатқа нұсқайды. Дегенмен, ішкі сенім мен сыртқы айғақтың арасында әлі де болса сызат бар. Ал әділеттің есігін дәлелсіз ашу мүмкін емес – бұл Абылай үшін өзгермейтін қағида.

Ол қалтасына қолын жүгіртіп еді, саусақтары Айгүл ханымның байланыс парақшасына ілікті. Осы сәтте есіне түсті – дәл осындай парақшаны Жомарттың үйінің алдынан да тапқан болатын. Дерек екеуін қатар қойып, мұқият салыстырды. Иә, айқын ұқсастық бар. Бұл жаңалық бір жіптің ұшын беріп тұрғандай әсер етті.

Сонымен, Айгүл – Болаттың туысы да, жақыны да емес. Екеуі өмір жолында жолығып, кейін белгілі бір мақсатта байланысқа шыққан. Яғни, Болат оны өзінің қылмыстық әрекетіне алдап-арбау арқылы тартқан. Айгүл оның арам пиғылынан мүлде бейхабар. Күдікті парақшаны Болат Жомарттың үйіне барған кезде әдейі

нады. Бірақ бұл тыныштықтың ар жағында дауылдың лебі сезілді. Бәрі енді ғана басталды... \* \* \*

Полковник Абылай кабинетінің терезесінен қалаға көз жүгіртті. Қара түннің көз жасындай мөлдіреген таңғы шық кеппеген әйнектің арғы жағында өмір өз ағысымен өтіп жатқанымен, оның кеудесінде тыным таппаған бір алапат ой құйыны шыр айналып тұр. Түнгі тергеу материалдары мен криминалдық сараптама нәтижелерінің барлығы Болатқа нұсқайды. Дегенмен, ішкі сенім мен сыртқы айғақтың арасында әлі де болса сызат бар. Ал әділеттің есігін дәлелсіз ашу мүмкін емес – бұл Абылай үшін өзгермейтін қағида.

Ол қалтасына қолын жүгіртіп еді, саусақтары Айгүл ханымның байланыс парақшасына ілікті. Осы сәтте есіне түсті – дәл осындай парақшаны Жомарттың үйінің алдынан да тапқан болатын. Дерек екеуін қатар қойып, мұқият салыстырды. Иә, айқын ұқсастық бар. Бұл жаңалық бір жіптің ұшын беріп тұрғандай әсер етті.

Сонымен, Айгүл – Болаттың туысы да, жақыны да емес. Екеуі өмір жолында жолығып, кейін белгілі бір мақсатта байланысқа шыққан. Яғни, Болат оны өзінің қылмыстық әрекетіне алдап-арбау арқылы тартқан. Айгүл оның арам пиғылынан мүлде бейхабар. Күдікті парақшаны Болат Жомарттың үйіне барған кезде әдейі

– Мен дайынмын, Абылай мырза. Тек шындық үшін.

Абылай басын төмен түсіріп, дауысын жұмсартып:

– Жомарт Құдайбергенов – біздің арамыздан ерте кеткен азамат. Ол тірі болғанда, бұл кабинетке сіз келмес едіңіз.

Болат кірпігін қақпастан:

– Жомарт мен үшін ұстаз болды. Одан үйренгенім көп. Оның өлімі... жүрегімді жаралады.

Сол сәтте Абылай столдың шетінде жатқан қалың папканы ақырын ашып, ішінен бір құжатты суырып алды да:

– 2023 жылдың 4 қаңтарында сіз 2 500000 теңге, одан кейін 6 айдан соң, дәл Жомартты атып кеткен күні, яғни 19 шілдеде түнгі 12.00-де тағы 2 500000 теңге, сонда барлығы 5 миллион теңгені Айгүл Бақытбекова есімді әйелге аудардыңыз. Бұл мәлімет бізге шындықтың есігін сәлпәл ашты. Бұған не дейсіз?

Болат селт етті. Көзі бір сәтке ойнап кетті. Бірақ ол өзін тез қолға алды.

– Ол менің танысым. Отбасында қиын жағдай болды, көмектестім. Соңы қайда барып тірелетінін қайдан білейін.

– Біз VPN арқылы жүргізілген келіссөздердің жазбасын алдық. Күдіктінің дауысы – сіздікі. Сіз Айгүл арқылы әлдекіммен делдал болып байланысқансыз. Және сол

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабайлау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6047 дана**  
**Апталық таралым 12094 дана**

Тапсырыс №175 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31